



Автор: ТАЛБИДИНОВА ДИНАРА СУЛТАНБЕКОВНА

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Адам ағзасындағы химиялық элементтер

Тақырып: Тыныс алу үдерісі.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.5.1.4 –тыныс алу үдерісін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	тыныс алу үдерісін түсінеді
Бағалау критерийлері:	Тыныс алу мүшелерін біледі.Жұтылған және шығарылған ауаның құрамын анықтайды.Тыныс алу кезіндегі тотығу процесін сипаттайды.Ауадағы оттектің пайда болуын түсінеді
Құндылықтарды дарыту:	Жұпта және топта жұмыс істеу барысында ынтымақтастық, өзіне және басқаларға құрметпен қарау, академиялық адалдық – өз бетімен жұмыс істеу, ашықтық – оқушылар сабақтың мақсаттарын және міндеттерін өз бетінше анықтай алады.
Пәнаралық байланыс:	Биология

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Амандасу.Оқушыларды тиындар арқылы топқа бөлу.«Өрмекші торы» әдісі арқылы үй жұмысын тексеру.(кейбір оқушылардың орындығының астына өрмекшілер жабыстырылады,талондағы сұрақтарға жауап береді)Мұғалім әр кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы ынталандырып отырады.Оқушылар бағалау парағы таратылады, әр тапсырма бойынша балл қойылады.	Интерактивті тақта,Презентация,қиынды қағаздар,маркер,суреттер
Сабақтың ортасы (25 минут)	Жаңа тақырыпқа шығу жолы.«Ой қозғау» әдісі мақсатты тұжырымдау.Мұғалім оқушыларға сұрақ қойып,оқушылармен бірге сабақ мақсатын және сабақ соңында күтілетін нәтижелерді анықтайды.Оқушыларға БББ парақшасы беріледі.Тәжірибе жасау Қанша уақыт тыныс алмай тұра аламыз?Тақырыпқа байланысты видео көрсетіледі.Оқулықпен жұмыс:1 топ-Тыныс алу мүшелері.2 топ-Жұтылған және шығарылған ауаның құрамын анықтау.3 топ-Тотығу процесі.4 топ-Фотосинтез үдерісі.Постерді қорғау:«Джиксо» әдісі Топтардың жасаған жеке жұмыстарын әр топқа бір бірден таратып береді.Тақырыпты нақтылау үшін «Кір жаю»әдісін қолдану.Оқушылардың жасаған постерлерін жіпке қатар іліп,толықтырып,нақтылау	7-сынып оқулығы. https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/7-synyp/adam-ahzasyndahy-ximiyalyq-ehlementter-tynys-alu-procesi?mid=00b266e4-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051 Жұмыс дәптерлері.Суреттер,маркерлер, шар, түтікшелер, қайшы, клей, А4 қағаздар https://wordwall.net/ru/resource/71836999
Сабақтың соңы (8 минут)	«Кім жылдам» әдісі.Quizizz платформасында дайындалған тапсырмаларымен сабақты бекіту.Оқушылар тапсырманы орындау арқылы жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін біледі	Интерактивті тақта, Телефон https://quizizz.com/join?gc=905392
Рефлексия (5 минут)	Оқушылар сілтеме немесе QR-код арқылы кіріп бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын білдіреді.Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында mentimeterқосымшасы арқылы оқушылардың сабаққа деген көзқарасын рефлексиясын оқушылардың жауабы арқылы біледі	https://www.mentimeter.com/app/presentation/algxbzfmkgkwguhcox4hknnsacn8zen6q/df8shct3uigx/edit